# Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын дамытудың 2009 - 2011 жылдарға арналған кешенді шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 27 қаңтардағы N 12-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын дамытудың 2009 - 2011 жылдарға арналған кешенді шаралар жоспары (бұдан әрі - Кешенді шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, өзге де ұйымдары:

1) Кешенді шаралар жоспарын іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне жарты жылдық және жылдық қорытындылар бойынша 10 шілдеге және 10 қаңтарға Кешенді шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі жыл сайын, 25 шілдеге және 25 қаңтарға Қазақстан Республикасының Үкіметіне Кешенді шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

*Премьер-Министр К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 қаңтардағы N 12-ө өкімімен бекітілген

## Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын дамытудың 2009 - 2011 жылдарға арналған кешенді шаралар жоспары

| Р/с N | Іс-шаралар | Аяқталу нысаны | Орындауға жауаптылар | Орындалу мерзімі | Болжанатын шығыстар (млн . теңге) | Қаржыландыру көзі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| **1. Ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік деңгейін арттыру** | | | | | | |
| 1. | Ұшулардың ерекше жағдайларына, соның ішінде стандарттық емес жағдайлардан шығуға экипаждарды оқыту бағдарламаларын жетілдіру жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ | 2009 жылғы II тоқсан | Талап етілмейді | |
| 2. | Пайдаланымдағы әуе кемелері паркінің ХААҰ талаптарына сәйкестігін | | ККМ | | Талап етілмейді | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | | 2009 жылғы I тоқсан | | |
| 3. | Азаматтық авиация саласындағы сертификаттау жүйесін ХААҰ талаптарымен сәйкес келтіру жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ | 2009 жылғы IV тоқсан | Талап етілмейді | |
| 4. | Меншік иелері Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылмайтын шетелде орналасқан азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеуді ретке келтіру жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ | 2009 жылғы IV тоқсан | Талап етілмейді | |
| 5. | Халықаралық әуежайларды жолаушыларды және багажды тексерудің қазіргі заманғы техникалық құралдарымен қосымша жарақтандыру жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ (жинақтау), "ҚазАвиаЛизинг" АҚ (келісім бойынша) | 2009-2011 жылдар | 6 500 | Бюджеттен тыс қаражат |
| **2. Әуе кемелері паркін жаңарту мен толықтыру және техникалық қызмет көрсетуді жетілдіру** | | | | | | |
| 6. | Халық пен ел экономикасының авиациялық қызметтерге қажеттілігін қанағаттандыру үшін әуе кемелері паркін жаңарту мен толықтыру жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ (жинақтау), "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, "ҚазАвиаЛизинг" АҚ (келісім бойынша) | 2009-2011 жылдар | Факті бойынша | Бюджеттен тыс және инвестициялық қаражат |
| 7. | Қазақстанда жеңіл моторлы Як-58 ұшақтарын құрастыру жөнінде өндіріс ашу мүмкіндігін қарастыру | ИСМ-ға ұсыныс | ККМ (жинақтау), "ЯК-АЛАКОН" АҚ (келісім бойынша) | 2009-2010 жылдар | 17 100 | Бюджеттен тыс қаражат |
| 8. | Жердегі арнайы техникаға техникалық қызмет көрсету орталықтарын құру жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ (жинақтау), "ҚазАвиаЛизинг" АҚ (келісім бойынша) | 2009-2010 жылдар | 240 | Бюджеттен тыс қаражат |
| **3. Әуежайлар мен әуеайлақтардың инфрақұрылымын дамыту** | | | | | | |
| 9. | Алматы қаласының әуежайында жаңа жолаушылар терминалының және мультимодальды логистикалық терминалдың екінші кезегінің құрылысын аяқтау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ (жинақтау), "Алматы халықаралық әуежайы" АҚ (келісім бойынша) | 2009-2010 Жылдар | 9 600 | Бюджеттен тыс қаражат |
| 10. | Атырау қаласының әуежайында жолаушылар мен жүк терминалдарының құрылысын жүзеге асыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ (жинақтау), "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | 2010-2011 жылдар | Факті бойынша | Бюджеттен тыс қаражат |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 11. | Шымкент қаласының әуежайында жүк терминалының құрылысын жүзеге асыру және жолаушылар терминалының құрылысына кірісу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ (жинақтау), "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | 2010-2011 жылдар | Факті бойынша | Бюджеттен тыс қаражат |
| 12. | Ақтау халықаралық әуежайының жолаушылар терминалының құрылысын аяқтау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Маңғыстау облысының әкімдігі ККМ (жинақтау), "Ақтау халықаралық әуежайы" АҚ (келісім бойынша) | 2009 жыл | 3 880 | Концессионердің қаражаты |
| 13. | Көкшетау қаласы әуежайының жердегі инфрақұрылымын жаңартуды (ұшу-қону жолағын және аэровокзалды қайта жаңарту) жүзеге асыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ (жинақтау), ЭБЖМ, "Көкшетау авиакомпаниясы" АҚ (келісім бойынша) | 2009-2011 жылдар | 2009 жыл - 2 160 | Республикалық бюджет |
| 14. | Ұшқыштардың бастапқы дайындығын қамтамасыз ету мақсатында "МАО" РМК әуеайлақ кешенінің, оқу-өндірістік ғимаратының құрылысын жүзеге асыру және оны авиациялық техникамен және басқа да активтермен жарақтандыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ (жинақтау), "МАО" РМК (келісім бойынша) | 2009-2011 жылдар | Факті бойынша | Бюджеттен тыс қаражат |
| 15. | Қазақстан Республикасының әуежайларында арнайы техниканы жаңарту жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ (жинақтау), "ҚазАвиаЛизинг" АҚ (келісім бойынша) | 2009-2011 жылдар | Факті бойынша | Бюджеттен тыс қаражат |
| 16. | Жергілікті әуе желілерінің бұрын қолданыста болған әуеайлақтарының инфрақұрылымын қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдау және қажеттілігіне қарай жаңасын салу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ (жинақтау), Облыстар әкімдері | 2009-2011 жылдар | Факті бойынша | Бюджеттен тыс қаражат |
| 17. | Әуежай қызметтерін көрсету саласында, соның ішінде жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету, борттық тамақ цехтарының, жүк терминалдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету саласында және басқа да қызмет түрлерін көрсетуде бәсекелестікті қалыптастыру жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ (жинақтау), ТМРА | 2009-2011 жылдар | Талап етілмейді | |
| 18. | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттарының авиациялық отын шығаруды ұлғайтуы жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ЭМРМ, ККМ (жинақтау) | 2009-2011 жылдар | Талап етілмейді | |
| **4. Аэронавигация жүйесін және транзиттік қозғалысты дамыту** | | | | | | |
| 19. | Халықаралық стандарттар және ХААҰ ұсынған тәжірибе негізінде аэронавигациялық қызмет көрсету рәсімдерін енгізу бойынша жұмысты жалғастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ (жинақтау), "ҚАН" РМК (келісім бойынша) | 2009-2010 жылдар | Талап етілмейді | |
| 20. | Ғарыштық орналастырудың навигациялық жүйелеріне біртіндеп өту жөнінде тиісті іс-шаралар жүргізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ (жинақтау), Қорғанысмині, "ҚАН" РМК (келісім бойынша) | 2009-2011 жылдар | 98 | Бюджеттен тыс қаражат |
| 21. | Әуе трассалары мен әуеайлақтардың географиялық координаттарын анықтау және аэронавигациялық ақпарат құжаттарында жариялау үшін бірыңғай тірек жүйесі ретінде Дүниежүзілік геодезиялық координаттар жүйесін - 1984 (WGS-84) енгізуді қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ (жинақтау), Қорғанысмині, ЖРА, "ҚАН" РМК (келісім бойынша) | 2009-2010 жылдар | 240 | Бюджеттен тыс қаражат |
| **5. Авиациялық тасымалдарды дамыту** | | | | | | |
| 22. | Әлеуметтік мәні бар облысаралық және облысішілік авиабағыттарды субсидиялауды қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ (жинақтау), ЭБЖМ, облыстар әкімдері | 2009-2011 жылдар | 2009 жыл - 728<br>2010 жыл - 793<br>2011 жыл - 865 | Республикалық бюджет |
| 23. | Қазақстан Республикасының шағын авиациясын дамыту тұжырымдамасын әзірлеу және шағын авиация көрсететін қызметтер спектрін кеңейту жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ (жинақтау), обылыстар әкімдері | 2009-2011 жылдар | Талап етілмейді | |
| 24. | Жеңіл және аса жеңіл әуе кемелерінде коммерциялық қызметтер көрсетпей, жеке мақсаттардағы ұшуларды орындайтын тұлғалардың ұшуға жіберілуін оңайлату жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | ККМ (жинақтау), Қорғанысмині, "ҚАН" РМК (келісім бойынша) | 2009 жылғы III тоқсан | Талап етілмейді | |
| 25. | Авиациялық персоналды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөнінде | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ | 2009-2011 жылдар | Факті бойынша | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | авиациялық оқу орталықтарын дамыту жөнінде шаралар қабылдау | | | | | Бюджеттен тыс қаражат |
| **6. Саланы кадрлық және ғылыми қамтамасыз ету** | | | | | | |
| 26. | Ұшу және диспетчерлік құрамды ХААҰ тіл құзыреті шкаласы бойынша 4-ші деңгейдегі ағылшын тіліне оқытуды жетілдіру жөнінде шаралар қабылдау | ХААҰ-ға ақпарат | ККМ | 2011 жыл | Талап етілмейді | |
| 27. | Азаматтық авиация академиясында мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша пилоттарды даярлау жөнінде шаралар қабылдау | БҒМ-ға ұсыныс | ККМ (жинақтау), ЭБЖМ | 2009-2011 жылдар | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға бөлінетін қаражат шегінде | Республикалық бюджет |
| 28. | Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ (жинақтау), ЭБЖМ | 2009-2011 жылдар | 2009 жыл - 0,276<br>2010 жыл - 0,284<br>2011 жыл - 0,380 | Республикалық бюджет |
| 29. | Қазақстан Республикасының авиакөлік кешенін дамыту проблемалары бойынша азаматтық авиация саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ (жинақтау), ЭБЖМ | 2010 жылғы қаңтар | 8,8 | Республикалық бюджет |
| **7. Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру** | | | | | | |
| 30. | Қазақстан авиакомпаниялары үшін жаңа авиациялық рыноктар ашу мақсатында әуе қатынасы туралы үкіметаралық келісімдер жасасу жөнінде шаралар қабылдау | Халықаралық шарттар ( хаттамалар) | ККМ | 2009-2011 жылдар | Талап етілмейді | |
| 31. | Азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық актілерді ХААҰ талаптарымен және қабылданған халықаралық міндеттемелермен сәйкес келтіру жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | ККМ | 2009-2011 жылдар | Талап етілмейді | |
| 32. | | | | 2010 жылы | 7,7 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ХААҰ құжаттары базасын электрондық және қағаз тасығыштарда құру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ (жинақтау), ЭБЖМ | | | Республикалық бюджет |

**Ескертпе:**

* іс-шараларды қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджетті түзету кезінде нақтыланатын болады.

Аббревиатураның толық жазылуы:

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі;

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі;

Қорғанысмині - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі;

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі;

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі;

ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі;

ЖРА - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі;

"ҚАН" РМК - "Қазаэронавигация" әуе қозғалысын басқару, ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз етудің жердегі құралдарын техникалық пайдалану және электр байланысы бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ - "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы;

"МАО" РМК - "Мемлекеттік авиация орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

ХААҰ - Халықаралық азаматтық авиация ұйымы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК